

Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 4 маусымдағы № 33/295 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 42/387 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 27 мамырда № 11-1-154 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 6/62 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 6/62 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 4 маусымдағы № 33/295 «Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-1-137 болып тіркелген, 2010 жылғы 24 шілдедегі № 124 - 125 «Маңғыстау» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы:

4 тармақтағы «(Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерінен басқа)» деген сөздер алынып тасталсын;

5 тармақ алынып тасталсын;

12 тармақтағы «(Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерінен басқа)» деген сөздер алынып тасталсын;

13 тармақтағы:

2 абзац алынып тасталсын;

3 абзацындағы «(Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерінен басқа)» деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е.Қосмағанбетов

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы

Ж. Матаев

« К Е Л І С І Л Д І »
«Ақтау қалалық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік
мекемесі бастығының міндетін атқарушы
Г . Х а й р л и е в а

27 сәуір 2011 жыл

« К Е Л І С І Л Д І »
«Ақтау қалалық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
А . К и м

27 сәуір 2011 жыл